Авторлық келісімшарт
№_____

Алматы қаласы « __ »_____ 2022 ж.

Бұдан әрі «Баспа» деп аталатын **«ABAI BASPASY»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан оның Жарғы және «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының негізінде іс-әрекет ететін директоры **Елгезек Ақберен Елгезекұлы,** бір жағынан, және бұдан әрі «Автор» деп аталатын жеке тұлға **Абдешев Заманбек,** екінші жағынан, тұтас алғанда «Тараптар» деп аталатын адамдар төмендегі туралы осы келісімшартты жасасты:

1. Келісімшарттың нысанасы

1.1. «Автор» бұдан әрі «Шығарма» деп аталатын қазақ тіліндегі **«Қараш батыр»** атты өз шығармасын осы келісімшартқа қол қойылған кезден бастап, «Баспаға» 5 (бес) жыл бойы және төменде келісілген ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында шектеусіз пайдалану үшін айрықша құқығын береді.

1.2. Баспаның Шығармаға айрықша құқығы оның дербес те, басқа тұлғаларға тиісті рұқсат (лицензия) беру арқылы да Шығармаға қатысты ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 10.06.1996 ж. Заңында көзделген барлық іс-әрекетті жүзеге асыра алатынын, оның ішінде шығарманы басып шығаруы, таратуы, сатуы, өңдеуі, сондай-ақ оны электронды түрде веб-сайттарда пайдалануға мүмкін екенін білдіреді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. «**Баспаның» құқығы:**

«Баспа», егер шығарманы қайта басып шығаруға байланысты қажеттіліктен туындаса, «Шығармаға» өзгеріс және толықтыру енгізу не оны басқа түрде өңдеу туралы «Авторға» ұсыныс жасауға құқылы. Мұндай өзгеріс пен толықтыруды «Автор» тараптардың келісімі бойынша белгіленген мерзімде әзірлеуге тиіс.

2.2. Аталған келісімшарт және автордың аталған шығармасын баспа әртүрлі интернет-ресурстарында, веб-порталдарда жариялауға, әртүрлі тендерлік сайттар мен мемлекеттік сатып алу процедураларына пайдалануға құқылы.

2.3. «**Автордың» құқығы:**

«Шығармаға» авторлық құқығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және әдістермен қорғауға құқылы.

2.4. **Баспаның міндеттері:**

- «Автордың» жеке мүліктік емес құқықтарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.
- «Шығарманың» «Авторы» сол екенін көрсете отырып, «Шығарманың» әрбір данасында «Автордың» тегін, атын жазуға міндетті.
- «Шығарманы» тиісті сапамен және қабылданған стандарттарға сәйкес басып

шығаруға міндетті.

- «Шығарманы» қайта басып шығару ниеті туралы «Авторға» жазбаша хабарлауға міндетті. «Шығарманы» өзгерістермен қайта басып шығаруға осы Келісімшартқа қосымша келісім негізінде жол беріледі.

2.5. **«Автордың» міндеттері:**

- «Шығарманы» өзінің авторлық құқығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және әдістермен қорғауға;

- осы Келісімшарт бойынша «Баспаға» берілген авторлық құқықтар бұзылса немесе кез келген басқа үшінші тұлға дау туғызса, «Баспаға» қажетті қолдау көрсетуге;

- осы Келісімшарттан туындайтын авторлық құқықтардың бұзылғаны туралы өзі бірінші білген жағдайда «Баспаны» дереу хабардар етуге міндетті.

3. Форс-мажор

3.1. Егер осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау «Тараптардың» еркінен тыс жағдайлар салдарынан болса, «Тараптар» ол үшін жауапкершіліктен босатылады. Еркінен тыс жағдайлар әсеріне ұшыраған «Тараптардың» міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдай болған мерзімге ұзартылады.

3.2. Өз еркінен тыс төтенше жағдай әсеріне ұшыраған «Тарап» 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде екінші «Тарапты» өз еркінен тыс төтенше жағдай әсерінің басталуы мен аяқталуы туралы хабардар етуге міндетті.

3.3. Егер «Тараптардың» еркінен тыс болған жағдайлар 1 (бір) айдан астам мерзімге созылса, «Тараптардың» міндеттемені одан әрі орындаудан бас тартуға және осы Келісімшартты бұзуға құқығы бар.

4. Келісімшарттың күшін сақтау мерзімі, оны өзгерту, бұзу және дауларды шешу тәртібі

4.1. Осы Келісімшарт «Тараптар» қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2027 жылғы 15 сәуірге дейін күшін сақтайды.

4.2. Осы Келісімшартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, жазбаша түрде орындалған және «Тараптардың» уәкілетті өкілдері оған тиісінше қол қойған жағдайда ғана Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.3. Келісімшарт «Тараптардың» қалауы бойынша немесе форс-мажорлық жағдайға байланысты бұзылуы мүмкін.

4.4. Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда «Тараптар» оларды соттан тыс тәртіппен реттеудің барлық орынды шараларын қолданады.

4.5. «Тараптар» өзара келісімге келмеген жағдайда, даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарында шешілетін болады.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Келісімшарт бірдей заң күші бар екі данада жасалып, оның бірі – «Баспада»,

екіншісі «Авторда» сақталады.

5.2. Келісімшартта көзделмеген өзге де жағдайлар болып қалса, «Тараптар» Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

5.3. «Баспа» қайта ұйымдастырылған жағдайда осы Келісімшартта көрсетілген барлық құқықтар пен міндеттемелер тоқтатылмай, оның құқықтық мұрагеріне көшеді.

5.4. «Тараптар» өз мекенжайлары мен деректемелерінің өзгеруі туралы бір-бірін 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде жазбаша хабардар етеді.

Тараптардың деректемелері:

Баспа:

«ABAI BASPASY» ЖШС
БИН/ИИН 171040032472,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Мамыр-4 ш/а,
№ 309 үй, офис 19,
«Банк ЦентрКредит» АҚ
ДБ филиал,
ЖСН KCJBKZKX,
ИИКKZ028562203103583135,

Автор:

Абдешев Заманбек
ЖСН: 491023301412
тел.: 87014182339
жеке куәліктің №038511517
ҚР Ішкі істер министрлігі берген
01.09.2015ж. берілген

Тараптардың қолдары:

А. Елгезек

ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ДОМ
Abai baspasy
Қазақстан Республикасы
БИН 171040032472
ЖШС/ТОО

З. Абдешев